

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Карим Ақзере Русланқызы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау
және ұйымдастыру

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им. К.И. Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байқоңурова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
Орынбасарова.Э.О

« 05 » 06 2024ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы бойынша кадастрлық
жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру»

6B07304 – «Геокеністіктік цифрлық инженерия»

Орындаған

Рецензент
ТОО «АІGeo» Директор
Нарбаев М.М
« 27 » маусым 2024 ж



Карим А. Р.

Ғылыми жетекші
қауымдастырылған профессор
Жақыпбек Ы.
« — » — 2024 ж

Алматы 2024


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік және геодезия» кафедрасы

6В07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

БЕКІТЕМІН

«Маркшейдерлік іс және геодезия»
кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
 Орынбасарова.Э.О
« 06 » 06 2024ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арнаған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Карим Ақзере Рүсланқызы

Тақырыбы: «Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы бойынша кадастрлық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру»

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор 2023 жылғы «04» 12 желтоқсан №548 –П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі: «17» Маусым 2024 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: ЖОО қабырғасынан алған теориялық материалдар мен тәжірибеден өту барысында жинақталған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының орналасқан жері, халық саны, демографиясы, экологиялық жағдайы туралы айтылды.

ә) Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары туралы анықтама берілді.

Жұмыс презентациясы слайдтарда 14 бет көрсетілген.




Ұсынылған негізгі әдебиеттер:

1. Электрондық энциклопедия kk.wikipedia
2. Қазақстан Республикасының бірінші ресми сайты
3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 180 бұйрығы.


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының жалпы жағдайын талдау	11.04.2024	Ескерту - жоқ.
Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	24.04.2024	Ескерту - жоқ.
Мақтаарал ауданының жер кадастр бөлімін жоспарлау және ұйымдастыру	29.04.2024	Ескерту - жоқ.


Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушаның қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты-жөні, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Доктор PhD, Жақыпбек Ы	29.05.2024	
Арнайы бөлім	Доктор PhD, Жақыпбек Ы	29.05.2024	
Қалып бақылаушы	Мадимарова Г.С. т.ғ.к. қауымдастырылған профессор	27.05.2024	

Ғылыми жетекшісі

 Жақыпбек Ы.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Карим А.Р.

Күні

«03» қаңтар 2024 ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының жер кадастр бөлімін жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары айтылады. Мақтаарал ауданы туралы толық ақпарат беріліп, ол жердегі экологиялық проблемада айтылып өтіледі. Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары туралы анықтама беріледі. Жер кадастр бөлімінде жер кадастр жұмыстарын жоспарлау түрлері, ол өзіне қандай қадамдарды қамтиды және олардың орындалу тәртібі айтылады. Мақтаарал ауданы, Үлгілі ауылында салынып жатқан 1500 балаға арналған мектептің салу барысындағы жер телімдерінің сапасына бақылау жүргізуге және жерді алдын – ала бағалаудағы кадастрлық құжаттар тізімі көрсетіледі.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе изложена работа по планированию и организации отдела земельного кадастра Мактааральского района Туркестанской области. Дана полная информация о Мактааральском районе, в том числе и экологических проблемах. Выдается справка о проведении работ по планированию и организации работ земельного кадастра. В разделе земельный кадастр упоминаются виды планирования земельных кадастровых работ, какие шаги он включает в себя и порядок их выполнения. В ходе строительства школы на 1500 детей, строящейся в селе Улгили Мактааральского района, указывается перечень кадастровых документов на проведение контроля качества земельных участков и предварительную оценку земель.

ANNOTATION

This thesis outlines the work on the planning and organization of the land cadastre department of the Maktaaral district of Turkestan region. Full information about the Maktaaralsky district, including environmental problems, is given. A certificate is issued on the conduct of work on the planning and organization of work of the land cadastre. The land cadastre section mentions the types of planning of land cadastral works, what steps it includes and the procedure for their implementation. During the construction of a school for 1,500 children under construction in the village of Ulgili, Maktaaral district, a list of cadastral documents for conducting quality control of land plots and preliminary land assessment is indicated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының жалпы жағдайын талдау	8
1.1 Мақтаарал ауданының географиялық климаттық ерекшеліктері	8
1.2 Мақтаарал ауданының экономикалық әлеуметтік дамуы	10
1.3 Аумақтың экологиялық проблемалары	12
2 Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру	15
2.1 Кадастрлық жұмыстарды жоспарлаудың маңызы	15
2.2 Жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастырудың тәсілдері	18
2.3 Жер кадастры жұмыстарын тиімді жоспарлаумен ұйымдастырудың нәтижесі	20
3 Мақтаарал ауданының жер кадастр бөлімін жоспарлау және ұйымдастыру	23
3.1 Мақтаарал ауданындағы мектепті жобалау кезіндегі инженерлік геодезиялық жұмыстар	23
3.2 Ішкі шаруашылық жерге орналастыру	26
3.3 Кадрлар балансы	28
Қорытынды	32
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	33
Қосымша	34

КІРІСПЕ

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының орналасқан жері, халық саны, демографиясы, экологиялық жағдайы туралы айтылды. Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары туралы анықтама берілді. Зерттеу нысаны етіп алынған Мақтаарал ауданы, Атакент кенті халқының қажеттілігіне керек болған 1500 балаға арналған мектепті жобалау кезіндегі инженерлік геодезиялық жұмыстар, жер телімдерін қалыптастыру кезіндегі кадастрлық жұмыстардың нәтижесі айтылды.

Жобаны іске асыру барасында қойылған міндеттер:

1. Жоба халықтың мұқтаждығын қанағаттандыруы керек
2. Жерге орналастыру жобасы стандарттарға сәйкес құрылуы қажет
3. Жобаны іске асыру барысында кадастрлық жұмыстар дұрыс жоспарланып, ұйымдастырылуы қажет
4. Барлық кадастрлық құжаттар заңнамаға сәйкес рәсімделуі тиіс

Мектеп жер заңнамаларына сай дайындалған жерге орналастырылды, құрылыс стандарттарына сай жобаланды. Қажетті құжаттардың барлығы толықтай толтырылып, көрсетілді. Балаларға арналған барлық жағдайлар жасалып, мектеп стандарттарының барлығы орындалды.

Кадастрлық жұмыстар – жерге орналастыру сызбалары мен жобаларын құрастыратын және жерге орналастырушы, агроном, техник және тағы да басқа мамандардың үлесімен жүзеге асатын инженерлік, техникалық, құқықтық іс әрекеттердің жиынтығы.

Жерге орналастыру атқарушы органдардың шешіміне меншік иесінің жер пайдаланушылардың өтініші бойынша жүргізіледі. Мемлекет меншіктегі жерден жеке меншікке немесе жер пайдалануға жер учаскелерін бөлуге, сатуға және бағалауға, әкімшілік шекарасын белгілеу, жерді есепке алу жөніндегі жұмыстар тек мемлекет тарапынан уәкілетті органдар ғана жасай алады.

1 Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының жалпы жағдайын талдау

1.1 Мақтаарал ауданының географиялық климаттық ерекшеліктері

Түркістан облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік бөлігінде орналасқан. 1932 жылы негізін қалаған. 1962-1992 жылдар арасында Шымкент облысы, 1992-2018 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы болып келді. 2018 жылы облыс орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына ауыстырылды, себебі, Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алды. Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан облысы құрамынан алынып тасталды.

Облыстың жалпы аумағы 117,3 мың км². Халық саны 2018 жылғы санақ бойынша 2 000 000 адамды құрайды. Халық құрамы (1- суретте, демографиясы 2- суретте көрсетілген). Облыс орталығы – Түркістан қаласы. Түркістан облысы солтүстігімен Ұлытау, шығыс бөлігімен Жамбыл облысы, батыс бөлігімен Қызылорда облысымен ал, оңтүстік бөлігімен Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Облыс құрамында 14 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала, 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар.

Мақтаарал ауданы – Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан шекарасында, Түркістан облысының оңтүстік шекарасында орналасқан. 1930 жылы негізін қалады. Мақтаарал ауданының жалпы жерінің аумағы 0,8 мың км². Түркістан облысының 0,8 пайыз бөлігін алып жатыр. Мақтаарал ауданында 9 ауылдық округ, 2 кент және 69 ауыл бар. Аудан орталығы Мырзакент кенті. Қазіргі таңдағы әкімі Бақыт Насырханұлы Асанов [1].



1-сурет – Мақтаарал ауданының халық құрамы (диаграмма)



2-сурет – Мақтаарал ауданының демографиясының көрсеткіші (диаграмма)

1930 жылдан бастап Мақтаарал атауын алды. 1997 жылы сәуір айының 24 күні мақталы үш аудан болып таратынды. Олар: Асықата, Жетісай, Мақтаарал. Сол кездегі ауданның әкімшілік ауданы Жетісай қаласы болып, Мақтаарал ауданы құрылды. 2018 жылы 5 маусымда Мақтаарал ауданы Жетісай ауданы және Мақтаарал ауданы болып екіге бөлінді.

Аудан бойынша жер көлемі – 176898 га, оның ішінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер – 159542 га, көпжылдық екпелер – 1447 га, жайылымдықтар – 5356 га, батпақты жерден – 141 га, су шаруашылығы жерлері – 13069 га, бұта екпелері – 514га, басқада алқаптар – 4251 га, егістік жерлер – 131345 га. Ауыл шаруашылық жерлерінің бөліктері (3- суретте көрсетілген).



3-сурет – Ауыл шаруашылық жерлерінің бөлінуі (диаграмма)

Мақтаарал ауданы Сырдария өзенінің сол жағалауында, Мырзашөл құмды жазығының солтүстігінде орналасқан. Ауданның абсолюттік биіктігі 150-250 метрді құрайды. Мақтаарал ауданның батысында Жетісай ауданы, солтүстігінде Шардара бөгені арқылы Шардара ауданымен шекаралас. Оңтүстігі мен шығысында Өзбекстан мемлекетімен шектеседі. Мақтаарал ауданының жер астында минералды сулар мен құрылыс материалдары барланған. Мақтаарал ауданы 4- суретте көрсетілген.



4-сурет – Мақтаарал ауданы картадағы көрінісі

Климаты континенттік, қыс мезгілі қысқа әрі жылы болып келеді, жазы ыстық. Қаңтар айының орташа температурасы -3-4 градус құраса, шілде айында 28-29 градусты құрайды. Ауа температурасы жаз айларында 43-45 градусқа дейін барады. Мақтаарал ауданының басты су көзі Достық каналы [2].


1.2 Мақтаарал ауданының экономикалық әлеуметтік дамуы

Мақтаарал ауданының өнеркәсібінің негізгі бағыты - мақта өңдеу. Шитті мақтаны өңдеу өнеркәсібі ауданның жалпы ауыл шаруашылық өнімінің жетпіс пайызы егіс аумағының сексен пайызы тиесілі. Мақтаарал ауданы республикадағы шитті мақтаның сексен пайызын өндіреді.

Мақта өнеркәсібінен басқа ауданда спирт және шарап шығаратын өнеркәсіп орындары бар. Мақтаарал ауданында 2 минералды су шығаратын цех және 1 бетон дайындайтын зауыт бар.

Мақтаарал ауданында жіп иіру және тоқыма кәсіпорындарыда бар.Ең ірі кәсіпорындардың бірі «Қазақ – Қытай жіп иіру – тоқыма кәсіпоры». Одан бөлек қазіргі таңда ауданда үлкенді-кішілі 37 өнеркәсіп жұмыс жасауда. Өнеркәсіп өнімдерінің 83 тоқыма жіне тігін өндірісі кәсіпорындарына тиесілі.

Бұл өнеркәсіптерден бөлек ауданда 15871 агроқұрылым, 15846 шаруа қожалығы бар. Ауданда қосымша сала ретінде бақша өнімдері, көкөністер, дән, мал азықтары өсіріледі. Мақтаарал ауданы бойынша мал шаруашылық көрсеткіші 5- суретте көрсетілген.



5-сурет – Мақтаарал ауданы бойынша мал шаруашылығының көрсеткіші (диаграмма)

Мақтаарал ауданында орналасқан Сырдария университеті 1998 жылы білім және ғылым министрлігінің №408 бұйрығы бойынша Х.А.Яссауи атындағы МКТУ білім орталығының негізінде құрылған.

Сырдария университетінде бакалавриаттың 22 мамандығы және магистратураның 8 мамандығы бойынша білім береді.Лицензияға сәйкес университетте білім беру қызметтерін мемлекеттік білім беру гранты негізінде,ақылы негізде және де қышықтықтан оқыту жүйесіде қарастырылған.Қысқартылған немесе жеделдетілген бағдарламалар бойынша күндізгі,сырттай оқу нысандары жүргізіледі.

Аудан бойынша 2006 жылдың тиісті мерзімінің деңгейіне қарағанда мақта алты жүз қырық төрт тоннаға, мақта майы жетпіс сегіз тоннаға аз өндірілді. Ол өткен жылдың көлемінің жылдық тиісті мерзімімен салыстырғанда 79,4 пайызын құрап тұр.

Мақтаарал ауданда мал саны артып келеді 2021 жылдың бірінші шілдесіндегі жағдай бойынша, ауданда заңды және жеке адамдардың иелігінде сексен тоғыз мың бас ірі қара мал, оның ішінде отыз үш мың бас сиыр, екі жүз үш мың бас қой-ешкі , тоғыз мың алтыжүз бас жылқы, мың төртжүз отыз бес бас түйе бар.

Мақтаарал ауданындағы шағын кәсіпкерлік 2021 жылғың бірінші шілдесіндегі жағдай бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің саны он тоғыз мың

екі жүз тоқсан тоғызға жетті, оларда жетпіс алты мың адам жұмыспен қамтылған. Шағын бизнес өкілдері өндірген өнім көлемі 424 млн. теңге болды, бюджетке жалпы 140 млн теңге салықтық төлемдер құйылды.

Өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік саласындағы субъектілер саны 261 бірлікке, өндірілген өнім көлемі 17 млн. теңгеге, салықтық төлемдер көлемі 2, 1 млн. теңгеге артты.

Мақтаарал ауданында жұмыссыздар саны мың төртжүзден мың екіжүзге азайды. Ақылы қоғамдық жұмыстарға жоспардағы екі жүз екі адамның орнына үш жүз үш адам жіберілген.

Аудан мектептеріне 2021 жылға барлығы жергілікті бюджеттен үш мың сегіз жүз жетпіс төрт миллион теңге, республикалық бюджеттен төрт жүз қырық сегіз миллион теңге қаржы бөлінді. Ол бөлінген қаржы мектептің материалдық базасын нығайтуға парта, компьютерлер алуға, қашықтан оқыту құралдарына, мультимедиялық кабинетке, оқушылардың жазғы сауықтыру лагеріне сонымен қатар мектептердегі медициналық кабинеттерге дәрі-дәрмектер үшін қаржы қаралды [3].

1.3 Аумақтың экологиялық проблемалары

2020 жылы 1 мамырда Өзбекстан мемлекетінің Сырдария облысында орналасқан Сардоба су қоймасы жарылып, Мақтаарал ауданындағы бірнеше ауылдарды су басып кетті. 2 мамырда түнгі 12-де Мақтаарал ауданында төтекше жағдай жарияланып аудан тұрғындарын эвакуацияландыру жұмыстары басталды. Түнгі 1:30 да аудан шекарасынан судың өту жылдамдығы секундына 120 текше метр болатын коллекторға 180 м³с салмақ түсіп, су арнасы тасып кетті. Соның салдарынан Жеңіс, Жанатұрмыс елді мекендеріне су жақындай бастады. Жеңіс елді мекеніндегі ұзындығы 10 метрлік негізгі көпірді су шайып кетті. Нұрлы жол елді мекеніндегі 28 гектар мақталы жерді, 3000 гектар егін алқыбы су астында қалды.

Мақтаарал ауданы Өргебас ауылында су басты, 3 мамыр таңғы 05:00 шамасында Фертауси ауылында су басты. Екі ауыл арасы 3 км. Таңғы 08:00-ге дейін Фердауси ауылында 194 тұрғын үйді су басты. Су басқан ауыл жағдайы (6-суретте көрсетілген).

3 мамыр күні 14:00 де болған жиналыста Жанатұрмыс ауылында – 46 үй, Жеңіс ауылында – 130 үй, фердауси ауылында – 250 үй, Өргебас ауылында – 194 үй су астында қалғаны белгілі болды. Құжаттары түгел, дұрыс болған адаамдардың үйлеріне толық өтемақы төленетін болды немесе мемлекен өз қаражатына үй салып береді. Ал құжаттары дұрыс емес үйлерге дұрыстағаннан соң өтемақы төлетіп берілді.

Түркістан облысының палатасы директорының құқықтық мәселелерді шешу жөніндегі орындасары Жомарт Махмұт Мақтаарал ауданында зардап шеккен үйлердік, кейбір кәсіптердің, малдардың мүлкіне қатысты құжаттары жоқ екенін айтты. Бес балабақшы, бір шеберхана және 11 дүкенде қажетті

құжаттары болмаған. Тұрғындар үйлеріні алдынан ашып, кәсіп жасап құжаттарын реттемеген.



6-сурет – Су тасқының астында қалған Фердауси ауылы

Сардоба су қоймасының жарылып кетуінің кесірінен Мақтарал ауданында 4 елді мекенді су басты. 7639 гектар егістік жерлері су шайып кетті. Ол жердегі тұрғын үйлер, малдар, жануарлар су астында қалды. Санақ бойынша 297 мал, оның ішінде 58 бас сиыр, 227 қой-ешкі, 16 жылқы, 2 түйе және 227 үй құсы суға батыр арам өлген. Тұрғындардан қалған қалдықтар, ас өнімдері, мазарлар шайылып кетті. Оның бары әрине үлкен экологиялық проблемаға алып келеді. Тұрғындардың барлығын басқа елді мекенге алып барып көшірді, сонда үй салып берді. Кейбір тұрғындар ақшалай алып өздері үй салып алды. Көпшілік бөлігіне мемлекет бәріне бірдей қылып үй салып берді. Бұрынғы ауылдардың орындары жарамсыз болып қалды. Ол жерлер бұрынғы халықтың өз атында қалды мемлекет тарапына өтпеді, бірақта экологиялық жарамсыз деген статус берілді. Су басқан ауылдардың қазіргі жағдай (7-суретте көрсетілген).

Су тасқынынан кейін туындайтын экологиялық проблемалар:

1. Сулардың ластануы. Су тастынынан кейін су алатын құдықтарда, су жиналып тұратын жерлерге адам денсаулығына хиянды заттар түсіп кетуі мүмкін. Мысалы: мұнай қалдықтары, химиялық зиянды элементтер, қоқыстар және тағы басқалары. Су ластанған жағдайда адам денсаулығына және экожүйеге зиян келтіреді;

2. Су тасқыны болған жерлерде өсімдіктер мен ағаштар өсуін тоқтатуы мүмкін. Ол кейіннен ауаның тазалығына және сол өсімдіктермен қоректенетін жануарларға кесірін тигізеді. Экожүйеде бұзылады;



7- сурет – Су тасқыны астында қалған халықтарды көшірген ауыл

3. Топырақ құнарлығының бұзылуына. Су шайып өткен жердегі топырақ әр түрлі зиянды элементтермен араласады. Су қаншама мазарларды, малдарды шайып өтеді бұнын бары барып топыраққа сіңіріп кетеді. Сонын салдарынан топырақ топырақтың құнарлығы жоғалып кейіннен егін егуге жарамсыз болады. Кейбір өте қиын жағдайларда адам аяғы басуға жарамсыз болып қалады;

4. Инфекциялық аурулардың пайда болуы. Су тасқыны кезінде су ластанады, кейбір жағдайларда мазарларды су шайып кетеді, жануарлар мен малдар суда өліп кетіп жатады. Онын бары вирус. Алдын алып дезинфекция жұмыстары жасалынбаса аурулар пайда болуы мүмкін;

Бұл айтылған экологиялық мәселелерді шешу үшін су тасқынынан туындаған қаражатты есептеп сол аудандарда үлкен көлемде тазалау жұмыстарын жүргізу керек. Барлық қалдықтарды тазалап, өртеп, дезинфекция жұмыстарын жасау қажер. Болашақта бұндай жағдай қайталанбас үшін жұмыстар жасалыну керек.

2 Жер кадастры жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру

2.1 Кадастрлық жұмыстарды жоспарлаудың маңызы

Жер кадастры – жерді оның сапасына, өнімділігіне қарай бағалап, сипаттап, оны әртүрлі категорияларға бөліп тіркеп беретін сала. Кадастр сөзі француз тілінен аударғанда «тіркеу» деген мағынаны берсе, латын тілінде «салық салынатын заттардың тізімі» деген мағына береді. Жерді жай ғана тіркеп қоймай оны түріне, сапасына, деңгейіне қарап зерттеп, бағалап тіркеу жұмыстарын жүргізеді.

Жер кадастрының негізгі міндеті – бағалауға қажетті жерлерді терең зерттеп, олардың сапасы мен көлемін анықтап, әр елдің, облыстың, аудан, ауылдың және шаруа қожалықтары жерінің сапасы мен көлемін анықтап тіркеу жұмыстарын жүргізу.

Жер ресурстарын ұтымды пайдалануда ауыл шаруашылығы маңызды рөл атқарады. Жерді халық шаруашылығында онтайлы бөлуді, қоғамға қажетті жылдық нормадағы өнімдерді барынша дұрыс алуды, топырақтың құнарлығын сақтап қалып жерді жүйелі түрде орындауды білдіреді. Бұл мәселелерді шешу жер кадастрын толықтай жүргізу қажет етеді.

- Қазақстандығы жер кодексіне сәйкес мемлекет жер кадастры мынандай бөліктерден тұрады:

- жер участкесін тіркеу;
- жер участкесін бағалау;
- жерді сандық және сапалық есепке алу;
- МЖК ААЖ;

Жер кадастрында орындалатын жұмыстардың көлеміне қарай екі түрге бөлінеді олар – бастапқы (негізгі) және кейінгі (ағымдағы).

Бастапқы кадастрдың міндеті – облыс, аудандағы жер участкелерін кадастрлық есепке алатын жерлерды табиғи, құқықтық және экономикалық жағдайы туралы бастапқы мәліметтерді алу.

Негізгі кадастрды жүргізу барысында елдин жер қорының көлемі, жердің негізгі жер санаттары бойынша онын бөлінуі мен оларды бағалау туралы мәліметтер алынады. Негізгі жер кадастры әдетте жерді түсіру, сипаттау және бағалау жұмыстарынын үлкен көлемімен байланысты.

Кейінгі (ағымдағы) жер кадастры мен есепке алудын міндеті жердің бөлінуінің, сапасынын, пайдаланыну кезіндегі өзгерісін анықтау және жер кадастрлық құжаттарға енгізу және жанадан құрылатын жер участкелері туралы мәліметтерін енгізу болып табылады.

Осылайша, негізгі және ағымдағы жер кадастры еліміздің жер қоры туралы ақпарат алумен қатар, жердің дұрыс өз мақсатында пайдаланылып жатырғанын бақылау, жерге мемлекеттік және жеке меншік құқығын қорғауға мүмкіндік береді. Негізгі және ағымдағы түгендеу жұмыстары арасындағы байланыс біріншісі жерге толық сипаттама береді және оны қызмет аясында

анықтайды, екіншісі, біріншісінің ақпаратын жаңартып, толықтырып, біріншісінің деректерің заманауи деңгейде жүйелі түрде жүргізеді.

Жер кадастры бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен жоспарлаудың процесінің ең негізгі кезеңі болып табылады.

- Жер кадастры бойынша орындалатын жұмыстар қадамы мынадай:

1. Жұмыстық мақсаты мен міндетін анықтау. Бұған кадастрлық мәліметтер базасын құру немесе оны жаңарту, геодезиялық өлшемдердің сапасын жақсарту, жерді түгендеу және басқа да міндеттер кіреді;

2. Ресурстандың анықтамасы. Қаржыландыру, персонал, жабдық, технология және тағы басқалары сияқты жер кадастры бойынша жұмыстарды жүргізу үшін қажетті ресурстарды анықтау;

3. Жұмыс жоспарын әзірлеу. Жұмыс жасау барысында қойылған жұмыс жоспарын қойылған мақсаттар мен қолжетімді ресурстар негізінде жасау. Жоспар жұмыс кестесін, қызметкерлер арасындағы міндеттерді бөліну және прогресті бағалау үшін бақылау нүктелерін қамтуы;

4. Мемлекеттік органдар, жергілікті әкімшіліктер, жеке тұлғалар және басқа да мүдделі тараптар сияқты процестің әртүрлі қатысушылары арасындағы іс- қимылдарды тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету керек;

5. Мониторинг және бақылау. Жер кадастры бойынша жұмыстардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіп әрдайым олардың сапасын анықтап отыру керек;

6. Есептелік. Жер қадасты бойынша жұмыстарды орындаудың ең соңынан орындалатын жұмыс. Қолда бар нәтижелер мен пайдаланылған ресурстар туралы есеп болу керек. Бұл есеп тапсырып беруші тұлғаға немесе тиісті мемлекеттік органға тапсырылады;

Жалпы, жер кадастры бойынша жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру жер ресурстарын тиімді басқаруда маңызды рөл атқарады және жұмыс барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Кадастрлық жұмыстарды тиімді орындау үшін дұрыс жоспарлау және ұйымдастыру қажет. Ол жұмыстар әртүрлі кезеңдер мен процестерден тұрады. Кадастрлық жұмыстарды жоспарлаудың негізгі кезеңдері бар.

Кадастрлық жұмыстардың мақсат міндеттерін айқындау. Жұмыс барысында нені орындау керек екенін нақты анықтау керек.

Мысалы:

- кадастрлық деректерді жаңарту;
- жер участкелерінің шекараларын анықтау;
- меншік құқыған тіркеу және тағы басқалары;.
- қойылған мақсат міндеттер негізінде іс қимылдардың егжей-тегжейлі жоспарын дайындау, қажетті ресурстарды және жұмыстарды орындау мерзімін кою;

- әдістермен технологияларды айқындау.

Кадастрлық жұмыстарды жүргізудің әдістерін таңдау нақты шарттар мен міндеттерге байланысты. Жер участкесінің шекарасын анықтау үшін аэрофототүсірілімдер немесе GPS-технологияларын пайдаланады.

Жауапты орындаушы қызметкерлерді тағайындап команда ішінде қатысушылар арасында жұмыстарды бөліп алып жұмыс сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз ету керек. Кадастрлық жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруды, жұмыс соңында орындалған нәтижелерді басында қойылған мақсаттар мен салыстыру. Соңында атқарылған жұмыстар реті бойынша есеп тапсыру.

Кадастрлық жұмыстарды дұрыс жоспарлау ресурстарды тиімді пайдалануға, қателіктер санын азайтуға және жұмыс барысында алға қойылған мақсат міндеттерді дұрыс орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Кадастрлық жұмыстарды жоспарлау нақты және сапалы өлшеулер жүргізу және жер учаскелерінің шекараларын айқындау үшін орындалуы қажет бірқатар кезеңдер мен іс-қимылдардан тұрады. Кадастрлық жұмыстарды жоспарлаудың негізгі қадамдары мынандай:

1. Ақпарат жинау; Кадастрлық нөмірді, меншік құқығы туралы жоспарлар мен құжаттарды қоса алғанда, жер учаскесі туралы барлық қолжетімді ақпаратты жинауды бастау.

2. Жұмыс көлемін бағалау; Кадастрлық өлшеулер жүргізу және учаскенің шекарасын анықтау үшін қажетті жұмыс көлемін анықтау. Бұл аумақты зерделеуді, топографиялық ізденістер жүргізуді және басқа да жұмыстарды қамтуы мүмкін.

3. Техникалық құжаттаманы дайындау; Өлшеу әдістерін, пайдаланылатын жабдықты, орындау мерзімдерін және шығындарды бағалауды қоса алғанда, жұмыс жоспарын әзірлеу.

4. Тапсырыс берушімен келісу; Тапсырыс берушімен (учаске иесімен немесе басқа мүдделі тұлғамен) жұмыс жоспарын талқылаңыз және барлық егжей-тегжейлер мен талаптарды нақтылау.

5. Қажетті рұқсаттарды алу; Жергілікті заңнаманың талаптарын тексеріңіз және кадастрлық жұмыстарды жүргізу үшін барлық қажетті рұқсаттарды алу.

6. Өлшеулерді жүргізу; Арнайы жабдықтар мен әдістерді пайдалана отырып, бекітілген жоспарға сәйкес өлшеулерді орындау.

7. Деректерді өңдеу: Алынған деректерді өңдеңіз, есептер мен картографиялық материалдарды жасаңыз, учаскенің шекарасын анықтау.

8. Нәтижелерді ұсыну; Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстар туралы есепті, сондай-ақ учаскеге меншік құқығын тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсыну.

9. Сапаны бақылау; Орындалған жұмыстардың сапасын бақылауды жүргізіңіз, олардың белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкестігіне көз жеткізу.

10. Құжаттарды мұрағаттау; Барлық алынған деректерді, есептер мен құжаттамаларды заңнама талаптарына сәйкес сақтау [4].

2.2 Жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастырудың тәсілдері

Жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру процесі – бұл жерді тіркеу, мәліметтерді топтау, анализдеу және оларды қолдану мүмкіндігін беретін кадастрлық жұмыс. Бұл процесті ұйымдастырудың мақсаттары арасында жерді тұрақты қолдану, жер ресурстарын дұрыс қолдану, жердің пайдаланушыларының құқықтарын қорғау болып келеді.

Жер кадастрын ұйымдастырудың негізгі қадамдары:

1. Жерді тіркеу. Жерді есепке алудан жерді тіркеуден айырмашылығы, жер участкелерін тіркеу барлық мемлекеттік жер қорын қамтымайды, тек пайдалануға беріліп жатқан аумақты ғана қамтыйды. Мемлекеттік резервтегі бос жерлерге жүргізілмейді. Жерді есепке алу мәліметтері жерді бағалауда қолданылады. Меншік құқығымен жерді пайдалану құқығын қорғауды күшейтеу үшін жер участкаларымен жұмыс барысында, жерді мемлекет қоры үшін сатып алу кезінде, жер дауларын шешу және тағы басқа жағдайларда тіркеу деректерінің маңызы зор.

Жер кадастрының негізгі құжаттары осылар:

- жер участкелерінің жер кадастрлық істері;
- тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің мемлекеттік жер кадастрлық кітабы;

- жер кадастр картасы;

- жер участкелерінің мемлекеттік тізімі;

Жер кадастры органдарында тіркеу жұмыстарын жасау тобы құрылады, кадастрлық тіркеуде өзгертулер болса жасалады және жер айналымын тіркеу мәліметтер базасына енгізеді.

2. Анализдеу. Топталған мәліметтерді анализделеді немесе осы анализ арқылы жердегі потенциалды қолдану мүмкіндігі мен ресурстарды дұрыс қолдану мүмкіндігі бағаланады.

3. Мәліметтерді қолдану. Анализделген мәліметтер пайдаланушыларға ұсынылады, олар осы мәліметтерге сүйене шешімдер қабылдайды.

Жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру процесі – бұл жердегі ресурстарды дұрыс қолдану, пайдаланушыларды қорғау мен олармен өзара мәселелерді шешу мақсатында орындау үшін маңызды процес болып табылады.

Жер кадастрлық жұмыстарды ұйымдастырудың тәсілдерінің даму процесінің бірнеше қадамдары бар, олар:

Бірінші қадам - кадастрлық жұмыстарды жоспарлау мақсаты мен мақсаттары белгіленеді. Жер кадастрындағы мәліметтер топталады және оларды өңдеу үшін қажетті ресурстар жиналады;

Екінші қадам - кадастрлық жұмыстарды жоспарлау кезінде жұмысқа қатысты іс-шаралар жасалады. Бұл іс-шаралар арқылы, кадастрлық жұмыстарды жоспарлау үшін керек болатын мәліметтер топталады және оларды өңдеу үшін көрсеткіштер көрсетіледі;

Үшінші қадамда кадастрлық жұмыстарды жоспарлау арқылы топталған мәліметтерді өңдеу және тексеру жұмыстары орындалады;

Төртінші қадамда кадастрлық жұмыстарды жоспарлау аясында топталған мәліметтер базасы жасалады. Бұр база арқылы пайдаланушылар өзгертулерді жасап, мәліметтерге қол жеткізу мен көрсету мүмкіндігіне ие болады;

Сонымен, кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру процесі бойынша тәсілдер тиімді негізделеді және мәліметтерді дәлелдей алады.

Кадастрлық жұмыстарды ұйымдастыру түпкілікті мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қандай да бір қызметтегі ақпараттар іс-әрекеттер тәртібін реттеу түсінігін жатқызады [5].

Кадастрлық жұмыстарды ұйымдастырудың кезеңдері мынандай:

1. Іздестіру жұмыстарының кезеңдері мен түрлерін анықтау;
2. Жұмыс реттілігін анықтау;
3. Жобалау - іздестіру жұмыстарының құнын есептеу;

Оған сметалар мен нормативтік құжаттар жатады. Жерге орналастыру, геодезиялық және кадастрлық жұмыстардың құнын автоматты түрде анықтау үшін смета әзірленеді. Смета құжатында коэффициенттердің егжей-тегжейлі есебін және түсіндірмелері бар құжаттарды жасауға, қорытынды бағаны жазбаша жазуға, жалпы қорытындыға жоғарылататын немесе төмендететін коэффициентті енгізуге және қосымша баға салығымен бірге немесе онсыз сметаны есептеуге мүмкіндік береді. Геодезиялық, жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстардың көлемі бойынша деректерді енгізу үшін арнайы нысан құрылады. Оған ыңғайсыз кезеңдердегі, шұғыл жағдайларда инфляцияны ескеретін, «жалпы нұсқауда» қарастырылған коэффициенттер кіреді.

4. Жер-кадастрлық жұмыстар және оларды қаржыландыру;

5. Шарт құжаттамасын рәсімдеу және келісім-шарт пен күнтізбелік жоспарды жасау тәртібі;

6. Орындалған жұмыстарды бақылау және қабылдау, сондай-ақ қабылдау-тапсыру актілерін жасау;

7. Орындаушының жұмыс уақытын және орындалған жұмыстарды есепке алу;

8. Нысандар және еңбекақы төлеуді ұйымдастыру;

Кадастрлық жұмыстарды орындау олардың далалық және камералдық жағдайларда атқарылған шараларына байланысты болады. Сондықтан, жұмыстың бір түрін жоғары білікті мамандар тобы орындаса, ал екіншісін орындаушылар тобы жасайды. Осыған байланысты өндірістік үрдістерді құрамдас бөліктерге, яғни жеке үрдістерге бөлудің нысаналы қажеттілігі бар. Бұл сондай-ақ мамандардың біліктілігін, еңбекті ұйымдастыру нысанын, жерге орналастыру әрекеттерінің түрлерін және тағы да басқа ескерілуі тиіс жұмыстарға баға беруді әзірлеу үшін керек. Жерге орналастыру үрдісін құрамдас бөліктерге бөлмей есепке алу, есеп беру жұмыстарын жүргізу және жерге орналастыру өндірісін басқаруды тиісті түрде ұйымдастыру мүмкін емес.

Далалық жұмыстар бұл тікелей жобалау нысанында орындалатын, экспедициялық жағдайлардағы және маусымдық сипатта болатын іздестіру және жобалау жұмыстары. Бұған жерді зерттеу, жерге орналастыру жобасын жасау, келісу және істелінген жобаны нақты жер бетіне көшіру жұмыстары

жатады. Далалық жұмыстарға, сондай-ақ жобалық шешімдерді орналастырудың ықтимал нұсқаларын нақты қарастыра отырып, жерге орналастыру жобаларын жасау жөніндегі жасалынатын кейбір жұмыстарды да жатқызуға болады.

Камералдық жұмыстар жобалық іздестіру ұйымдарының өндірістік ғимараттарында (мамандандырылған цехтарда) орындалатын, іздестіру мәліметтерін өңдеу, территорияны ұйымдастыруды жобалау, құжаттарды ресімдеу жөніндегі жұмыстар жатады. Камералдық жұмыстар барысында жобаны әзірлеу үшін мәліметтерді жинау, жүйелеу, зерттеу және бағалау, техникалық жобаны әзірлеу және жерге орналастыру құжаттарын ресімдеу жүргізіледі.

Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру камералдық жұмыстар үшін де, далалық жұмыстар үшін де, яғни кейінгі жұмыстарды орындауды бастау үшін алдыңғы өндірістік үрдістің белгілі бір көлемі орындалуы керек .

Кадастрлық жұмыстардың нәтижесіне мыналар жатады:

- жерге орналастыру жоспары;
- техникалық жоспар;
- тексеру актісі;

2.3 Жер кадастры жұмыстарын тиімді жоспарлаумен ұйымдастырудың нәтижесі

Жобалау бұл инженерлік – кономикалық жұмыстар болып табылады. Оның мазмұны мен толықтығы жерге орналастыру жұмыстарының сапалылығын қамтамасыз етеді. Жобаны құруда жердің өндірістік қабілеті, шаруашылықтың территориясын ұйымдастыру мақсатына сәйкес және жобалауда өндірістік іс барысының орындалуына ең жақсы жағдай жасау мақсатында, зерттеледі.

Жер кадастр жұмыстарын тиімді жоспарлау мен ұйымдастырудың нәтижесі көптеген пайдаланушылар үшін жер кадастрының негізгі мақсаттарын жүзеге асыратын және зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін өзгерту процесін анықтау болып табылады. Тиімді жоспарлау мен жер кадастры жұмыстарын ұйымдастырудың нәтижелерін көрсету үшін бірқатар мақсаттарды орындау қажет . Оларға мыналар жатады:

Жер кадастрын өзгерту; Тиімді жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі мақсаты жер кадастрын өзгертуге қатысты пайдаланушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру. Осы мақсатты орындау арқылы жер кадастры қызметін қолдануға мүмкіндік береді.

Технологияларды жеткізу; Тиімді жоспарлау мен жер кадастры жұмыстарын ұйымдастыруды аяқтау үшін өзгертілген технологияларды жеткізіледі. Осы технологиялар арқылы кадастрлық органдар жер туралы деректерге шекараларды белгілеуге және деректерді талдауға мүмкіндік ашылады.

Басқару процесін орындау; Жер кадастры жұмысын ұйымдастыруды тиімді жоспарлаумен орналастыру, басқару процестерін өзгерту мақсаттарды орындау арқылы мемлекеттік қызметтерді қолдайды.

Байланысты орнату; Тиімді жоспарлау мен жер кадастры жұмыстарын ұйымдастыру коммуникациялық орналастыру – басқа қоршаған пайдаланушылармен, аймақтық органдармен және басқа пайдаланушылармен байланысты қамтамасыз етеді.

Мониторинг және бағалау; Жер мониторингі – жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақырлау, болып жатқан өзгерістерді дер кезінде анықтау, оларға бақылау жұмыстарын жүргізу, одан әрі дамуын бақылау және теріс процестер салдарының алдын алдын алу және жою жөнінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында жер қорының сапалық және сандық жай күйіне базалық жедел, жерді ғарыштан қашықтықтан зоннтау деректерін пайданала отырып жүргізілетін байқаулар жүйесі болып келеді.

Жер кадастры жұмыстарын ұйымдастыруда мониторинг пен бағалау тиімді жоспарлаумен орналастыру процестерді тексеру, талдау, нәтижелерді талдауды қолданады.

Өндірісті басқару жүйесінде жоспарлау орталық звено ретінде жерге орналастыру бойынша жоба – ізденістіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған жобалау мекемесінің қызметінің барлық жақтарын қамтуы қажет. Соның нәтижесінде жоспарлау алдына нақтылы мәселелер қойылады, олар экономикалық көрсеткіштер және рычагтар жүйесі көмегімен мыналарды қамтамасыз етуі қажет:

- жобалау – сметалық құжаттарды дер кезінде белгіленген санда және көлемде шығару;

- жобалау – сметалық жұмыстарды жүргізуге қажетті еңбек пен шығынды аз шығару;

- еңбек өнімділігін арттыру, жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру және басқаруды жетілдіру;

